

# ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҮЙҚПАЛДЫ МАМАНДЫҚТАР ОҚМУ-да!!!

«Информатика, IT және робот техника, мехатроника саласы» - жасанды сананың дамуы, жаңа технологияның үлкен құбылыс жасауы адамзат тарихындағы жеңіс. Осы жеңісті жетілдіру жолында нағыз IT-мамандары робот техника, мехатроника мамандары керек-ақ. Әлемде қазір IT және робот техника, мехатроника саласы бойынша ОҚМУ-да арнайы орталықтар бар. Робот техниканы құрастыру мен 3D компьютерлік дизайн жасау оңай емес. Алайда оның күрделі функцияларын атқару, дамыту, ерекшеу секілді тектерін меңгеру басқа әңгіме. Алайда біздің ОҚМУ-дің білімді жастары «Информатика, IT және робот техника, мехатроника саласында ең үздіктер қатарында. Ендеше, бүгін және ертең жойылып кетпейтін мамандық осы «Информатика, IT және робот техника, мехатроника саласы».



«Информатика, IT және робот техника, мехатроника саласының маманы, Ресей Жаратылыстану Академиясының Кеңесшісі (ғылыми атағы), Қазақстан Педагогикалық Академиясының профессоры, «Нобель» медалінің лауреаты Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы

Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы 1971 жылы 28 сәуір күні Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Ордабасы елді мекенінде дүниеге келген. 1988-1993 жылы Халықаралық Қазақ Түрік Университетінің «Математика және информатика» пәнінің мұғалімі біліктілігін алған. 1993-1994 жылдары Ордабасы ауданы, Бадам елді мекендегі Қажымұқан жалпы орта мектебінің 1994 жылы 01 қыркүйектен бастап М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Жаратылыстану-педагогика факультетінің оқу-тәрбие істері жөніндегі деканның орынбасары, «Информатика» кафедрасының екі мәрте үздік аға оқытушысы болды.

Сонымен қатар, 1996-2001 жылдары Шымкент әлеуметтік-педагогикалық университетінің («Әулие-ата» университеті) «Жаратылыстану-математика» кафедрасының меңгерушісі, «Ата-ана және мектеп» журналының редакторы қызметтерін қоғамдық негізде атқарды. 2018 жылы Ресей Жаратылыстану Академиясы «Педагогика ғылымдары» бойынша «Кеңесші» ғылыми атағын берген. 3000-нан астам жуық ғылыми-әдістемелік еңбектердің, электрондық кітаптың, өнертапқыштық жұмыстың авторы. Қазақстандағы ең үздік шығармагерлік жұмысы ретінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 10 маусым 2002 жылғы №460 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (030140-«Математика» мамандығы) авторы. Сонымен бірге, «ШӨГЕН-ат спорты ойыны», «Әл-Фараби» - оқушылар ғылыми қоғамын ұйымдастыру», «Архимед үйірмесі және техника – балғындар әлемінде», «Педагогикалық әлеп» атты әдістемелік құралдары бар.

Ә.Қ.Бүркіт республикалық және халықаралық ғылыми конференцияларда баяндама жасап, оның ғылыми мақалалары шетелдік журналдарда (Түркия, Прага, Чехия, Белград, Ресей, Днепрпетровск, Белгород және т.б.) ғылыми басылымдарда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ғылыми басылымдарында, отандық ғылыми-әдістемелік журналдарда жарияланды.

Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы үздік еңбегі және отандық педагогиканы дамытуға қосқан үлесі үшін «Білім беру ісінің үздігі» медалі, «Үздік мұғалім» медалі, «Мінсіз қызметі үшін» медалі, «Қазақстанның үздік адамы» халықаралық үлкен энциклопедиясының «Құрмет» қаһармандық белгісінің екі мәрте иегері, «В.И.Вернадский» күміс медалі, «А.Б.Нобель» алтын медалі, «Жоғары білім саласындағы жаңашылдығы үшін» алтын медалінің екі мәрте иегері, «К.Д.Ушинский» алтын медалі, «Д.И.Менделеев» алтын медалі, «Джон Локк» алтын медалі, «РЖА - 20 жылдығы!» мерейлік медалі, «Кәсіподаққа еңбегі сіңген қызметкер» медалінің екі мәрте иегері. Ғылыми атағы: Ресей Жаратылыстану Академиясының Кеңесшісі. Құрметті атағы: Ресей Жаратылыстану Академиясының «Көрнекті ғалымы», «Қазақстанның үздік адамы» халықаралық үлкен энциклопедиясының «Құрмет» қаһармандық белгісінің иегері, «Қазақстанның білім саласының үздігі» халықаралық үлкен энциклопедиясының «Құрмет» қаһармандық белгісінің иегері.

«Көрнекті ғалымдар» - бүкіләлемдік интернет-энциклопедияға ғылыми құрыналасы енгізілген. Халықаралық үлкен энциклопедиясына педагогикалық өмірдерегі жазылды, «Ордабасы» энциклопедиясына есімі құрметпен енгізіліп, «С.Мұқанов» атындағы жалпы орта мектебінің «Информатика» кабинетіне «Ә.Қ.Бүркіттің құрметті есімі» берілді. Оқушылардың дарындылық қабілеттерін анықтап, олардың

ғылыми жоба жұмыстарына ғылыми жетекшілік жасады. Шәкірттері: Е.А.Худярова – Бас жүлде иегері, Б.Б.Мамаханова, Д.Ә.Жақсыбаева, Р.Ы.Иманбек, Н.Ә.Хантөре, Н.Ә.Хантөре, М.Ә.Хантөре, Т.Ә.Хантөре, Н.Ә.Хантөре, Н.Ә.Хантөре еліміздегі «Самұрық», «Ақбота», «Кенгуру», «Жас ғалым», «Жас каламгер» байқаулары мен пәндік олимпиадаларға қатысып, 1-ші және 2-ші орындарды иеленген. Сондай-ақ, Ресейлік «Медалинград» пен «Талант» халықаралық шығармашылық байқауы мен «Портфолио» халықаралық фестиваліне, Ресей Жаратылыстану Академиясының (РЖА) «Жас ғалым» ғылыми форумында «Оқушының үздік ғылыми жұмысы» байқауына қатысқан. РЖА Президиумының шешімімен «Оқушының үздік ғылыми-зерттеу жұмысы» бойынша «Диплом» иеленіп, медалға ұсынылған. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасымен» арнайы дипломдармен 5 рет марапатталған.

Мәңгілік Қазақ Елінің жас ұрпақтарын роботты техника мен ғылымға баулу мақсатында 2015 жылы Ә.Қ.Бүркіттің ғылыми жетекшілігімен «Күн нұрымен қуаттанатын электромотортазалағыш» атты ғылыми жоба жұмысы бойынша өнертапқыш шәкірттері Н.Ә.Қантөре, Н.Ә.Қантөре, М.Ә.Қантөре, Т.Ә.Қантөре, Н.Ә.Қантөре, Н.Ә.Қантөре республикалық байқауда жеңімпаз атанып, «Жас ғалым» медалімен марапатталған. Сонымен бірге, «50 үздік есім - Қазақстанның болашағы» атты тендессіз жобаның [www/uniquekazakhstan.info/ru/action/50-imen-budushchegokazakhstan](http://www/uniquekazakhstan.info/ru/action/50-imen-budushchegokazakhstan) сайтындағы «Үздік» ғылыми жұмысы және озық идеясы үшін өнертапқыш оқушысы, «АРХИМЕД & Perpetuum mobile» жас конструкторлар мен дизайнерлердің Кіші Академиясының мүшесі ретінде арнайы альбомға есімдері мен еңбектері енгізілген.

«Математика және информатика» пәндері бойынша оның үздік ашық сабақтары «Үздік мұғалім – үздік сабақ» кітабына енгізілген. 2015 жылғы тамыз айында «Мектепке жол» атты қамқорлық акциясына қатысып, «Алтын жүректі ұстаз» ретінде танылды. ЖОО-мен ісбірлікте жұмыс істеп, мектеп бітіруші түлектердің заманауи мамандық таңдауына кәсіби бағыт-бағдар беріп келеді. Әріптестері мен мектептің педагогикалық ұжымы арасында абырой-беделге ие кәсіби маман.

Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласының №61 жалпы орта мектебінің «Робот техникасы» сынып бөлмесіне РЖА Кеңесшісі, КПА профессоры, «Нобель» медалінің иегері Бүркіт Әуесхан Қантөреұлының құрметті есімі берілді.



«Математика» пәні бойынша оның үздік ашық сабақтары «Үздік мұғалім – үздік сабақ» кітабына енгізілген. Ғылыми-педагогикалық саласындағы еңбек өтілі: 30 жыл. Мерейлі өнертапқыш-педагогтар отбасында жұбайы: Жадыра Қалыбекқызы - «А.Б.Нобель» медалінің иегері. Ә.Қ.Бүркіт - өнегелі отағасы.

«Химия және энергетика саласы» - табиғи байлықты сақтау, ол арқылы елдің экономикасына мол қаржы әкелу химиктер мен энергетика саласын меңгерген мамандардың қызметі. Жердің табиғи электр қуаты да таусылады. Сол үшін қазір мамандар күннен барынша мол энергия көзін алу жолын іздестіріп жатыр. Күннен энергия алу дәуірі басталып кеткенімен, оны зерттеу мен болашақта кәсіп ретінде жүргізу әлі айқындалған жоқ. Химия саласын зерттеуде үлкен жетістіктер болғанымен, білікті мамандардың да орны әлі жетіспейді. Қоспалар арқылы адамзатқа пайдалы нәрселерді дүниеге әкелу (мәселен рақты емдеу жолдары, қазба байлықты түрлі жолдармен алу) оңай шаруа емес.

Кәсіби білікті, жоғары білімді, заманға лайықты бәсекеге сай жеке тұлғаны қалыптастыруды алдына мақсат етіп қойған М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің студенті болуға асығыңыздар. Сондықтан біздің заманауи оқу орнымызға оқуға шақырамыз.

Құрметті, Талапкерлер - 2020! ОҚМУ-ға оқуға келіңіздер!  
Гауһар АБИТОВА,  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің «Стратегиялық даму департаментінің ЖДБ маманы», фил.ғ.к., доцент,  
Ләззат ЖАЙДАҚБАЕВА,  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің ЖРІДЖМ-нің «Информатика» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент.